

Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 103 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 27 желтоқсанда № 37702 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы қаулының 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2025 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 103 қаулысымен
бекітілді

Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды қоса, қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті ұсыну тәртібі, кезеңділігі мен мерзімі айқындалады.

2. Қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілік нысандарын толтыру мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпаратты жаңарту – есеп беретін ұйым көрсетілген өзгерістердің есептік күнге жаңартылған фактісін анықтаған сәттен бастап өзгертілген мәліметтер мен ақпаратты ұсыну қажеттілігі;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

3) есеп беретін ұйым және (немесе) есеп беруші ұйым – екінші деңгейдегі банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

4) есепті күн – есеп беруші ұйым тиісті мәліметтерді алған немесе өзгерткен күннен кейінгі күнтізбелік күн;

5) есептілік – қарыздар және шартты міндеттемелер бойынша есептілік;

6) Жүйе – белгіленген форматта көрсеткіштер түрінде қарыздар мен шартты міндеттемелер бойынша есептілікті жинауға арналған Ұлттық Банктің "Көрсеткіштерді жинаудың бірыңғай жүйесі" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

7) кредиттік тіркелім – есеп беретін ұйымдардың кредиттік қызметіне байланысты тәуекелдерді мониторингтеу мақсатында, ақша-кредит статистикасын және сыртқы сектор статистикасын қалыптастыру мақсатында қалыптастырылатын, есеп беретін ұйымдар Ұлттық Банкке ұсынатын ақпаратты қамтитын электрондық дерекқор;

8) шартты міндеттеме – бір немесе бірнеше болашақ белгісіз оқиға басталған (басталмаған) кезде ғана танылуы мүмкін, есеп беретін ұйым клиент үшін үшінші тұлғалардың пайдасына қабылдаған міндеттеме.

2-тарау. Есептілікті ұсыну тәртібі

3. Есептілік Ұлттық Банкке электрондық түрде Жүйеге барлық қарыз және шартты міндеттемелер шарттары туралы, кредиттік тарих субъектілері туралы, олар бойынша қамтамасыз ету туралы, оларға қызмет көрсету туралы, провизиялар және олар бойынша тәуекелдерді бағалау туралы ақпаратты жүктеу арқылы ұсынылады.

Ақпаратты жүктеу кезінде Жүйеде нысанішілік бақылау жүзеге асырылады. Нысанішілік бақылау жүзеге асырылған кезде қателер анықталған жағдайда, Жүйе ақпаратты қабылдамайды.

Нысанішілік бақылаудан өткен, осы есепті кезең үшін ақпаратты Жүйеге соңғы нақты жүктеу күні тиісті есепті кезең үшін есептілікті ұсынуды аяқтау күні болып табылады.

4. Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырған есептілік электрондық форматта сақталады.

5. Есептілікке басшының немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамның қол қоюы ай сайынғы есептілікті ұсынуды аяқтаған күннен бастап үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

6. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дәйектілігін басшы немесе есептілікке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

7. Кредиттік тарих субъектілері, қарыз (шартты міндеттеме) шарттары, олар бойынша қамтамасыз ету жөніндегі мәліметтер алдыңғы есепті кезеңде ұсынылған есептіліктегі ақпараттан қалыптастырылады және кредиттік тіркелімде жиналады. Ақпаратты жаңартқан кезде бұрын ұсынылған ақпарат кредиттік тіркелім тарихында сақталады.

8. Алынған немесе өзгертілген мәліметтер есепті күні ұсынылады.

Ұсынылған ақпаратты түзету қажет болған кезде түзетілетін ақпарат ұсынылған есепті күні түзету жүргізіледі.

9. Қаржы саласында қызметті тоқтата тұрған (тоқтатқан) кезде банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым тиісті банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның қарыз алушыға талап ету құқығы тоқтатылғанға дейін есептілік ұсынуды жалғастыра береді.

Осы тармақ "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына қолданылмайды.

10. Ақпарат болмаған кезде банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым Қағидаларда белгіленген есептілікті ұсыну мерзімінен кешіктірмей Ұлттық Банкке еркін нысанда жасалған және есеп беретін ұйымның басшысы қол қойған қағаз жеткізгіштегі немесе электрондық түрдегі тиісті хатты ұсынады.

11. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерiнiң филиалдары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Ұлттық Банкке:

деректер өзгерген немесе олар алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттік тарих субъектісі туралы есепті;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есепті;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамтамасыз ету туралы есепті ұсынады;

есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын:

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарызға (шартты міндеттеме) қызмет көрсету туралы есепті;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы есепті ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктердің,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктері
филиалдарының, "Қазақстанның
Даму Банкі" акционерлік
қоғамының және банк
операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың қарыздар мен
шартты міндеттемелер
жөніндегі есептілікті ұсыну
қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: кредиттік тарих субъектісі туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:
CR_CHS1

Кезеңділігі: кредиттік тарих субъектісі туралы деректердің өзгеруіне немесе алынуына қарай

Есепті кезеңі: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – кредитор)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: кредиттік тарих субъектісі туралы деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Заңды тұлғалар және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер бойынша кредиттік тарих субъектісі туралы есеп

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Заңды тұлғаның немесе қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкердің атауы	

2	Қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер белгісі	
3	Ұйымдық-құқықтық нысаны	
4	Меншік нысаны	
5	Кредиттік тарих субъектісін сәйкестендіргіш:	
5.1	сәйкестендіргіш түрі	
5.2	сәйкестендіру нөмірі	
6	Кредиттік тарих субъектісінің мекенжайы:	
6.1	мекенжайының түрі	
6.2	елі	
6.3	облысы	
7	Резиденттік белгісі	
8	Оффшорлық аймақ	
9	Кәсіпкерлік субъектісінің санаты	
10	Экономикалық қызмет түрі	
11	Экономика секторлары топтарның коды	
12	Кредитормен ерекше қатынастармен байланысты болу белгісі	
13	Компаниялар тобына тиесілілігі	
14	Есепке алу күні	

2-кесте. Қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерді қоса алғанда, жеке тұлғалар бойынша кредиттік тарих субъектісі туралы есеп

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)	
2	Туған күні	
3	Жынысы	
4	Кредиттік тарих субъектісін сәйкестендіргіш:	
4.1	сәйкестендіргіш түрі	
4.2	сәйкестендіру нөмірі	
5	Кредиттік тарих субъектісінің мекенжайы:	
5.1	мекенжайының түрі	
5.2	елі	
5.3	облысы	
6	Резиденттік белгісі	
7	Оффшорлық аймақ	

8	Кәсіпкерлік субъектісінің санаты	
9	Экономикалық қызмет түрі	
10	Кредитормен ерекше қатынастармен байланысты болу белгісі	
11	Есепке алу күні	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Кредиттік тарих субъектісі туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Кредиттік тарих субъектісі
туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

"Кредиттік тарих субъектісі туралы есеп"

(индексі – CR_CHS1, кезеңділігі – кредиттік тарих субъектісі туралы деректердің өзгеруіне немесе алынуына қарай)
әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға
арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Кредиттік тарих субъектісі туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинау нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қол қояды.

3. Нысанды толтыру кезінде кодтар Нысан ұсынылатын қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардың (бұдан әрі – анықтамалықтар) кодтарына сәйкес көрсетіледі. Нысандағы күндер "КК.АА.ЖЖЖЖ", мұнда "КК" - күні, "АА" - айы, "ЖЖЖЖ" - жылы форматында көрсетіледі.

4. Түсіндірмеде көрсетілген көрсеткіш ұсынылмайтын немесе толтыру үшін міндетті болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, Нысан көрсеткіштері толтыру үшін міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалықтар пайдаланылады:

Ұйымдық-құқықтық нысандар;

Меншік нысандары;

Сәйкестендіргіш түрлері;

Мекенжай түрлері;

Оффшорлық аймақтар;

Кәсіпкерлік субъектісінің санаттары;

Компаниялар топтары;

Жынысы.

6. Нысанда Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері - заңды және жеке тұлғалар, оның ішінде дара кәсіпкерлер болып табылатын кредиттік тарих субъектілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Автоматты тәсілмен жасалған "кері репо" операциялары бойынша кредиттік тарих субъектісі ретінде осы мәмілелер жасалған қор биржасы көрсетіледі.

Кредитордың принципал рөлінде болған жағдайда ғана кредитордың кредиттік тарих субъектісі ретінде өзін көрсетуіне рұқсат етіледі.

Белгілі бір көрсеткіш бойынша деректер өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат өзгеріс болған есепті алған күні жаңартылуға тиіс.

7. 1-кестенің 3, 4, 5.1, 6.3, 7, 8, 9 және 13-жолдарында және 2-кестенің 3, 4.1, 5.3, 6, 7 және 8 -жолдарында мәндер анықтамалықтардан таңдалады.

8. 1-кестенің 5, 6 және 13-жолдарында және 2-кестенің 4 және 5-жолдарында бір кредиттік тарих субъектісі бойынша бірнеше жаңартылған мәндерді бір мезгілде көрсетуге рұқсат етіледі.

1-кестенің 1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 10, 11 және 12-жолдарында және 2-кестенің 1, 2, 3, 6, 7, 8, 9 және 10-жолдарында бір кредиттік тарих субъектісіне біреуден аспайтын жаңартылған мән сәйкес келеді.

9. 1-кестенің 2-жолында:

егер кредиттік тарих субъектісі дара кәсіпкерлікті бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер болып табылса - "1";

егер осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген кредиттік тарих субъектісі болып табылмаса - "0" мәні көрсетіледі.

10. 1-кестенің 3-жолында көрсеткіш Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген барлық кредиттік тарих субъектілері үшін толтыруға міндетті болып табылады.

11. 2-кестенің 2 және 3-жолдарында көрсеткіштер Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын барлық кредиттік тарих субъектілері үшін толтыруға міндетті болып табылады.

12. 1-кестенің 4-жолында көрсеткіш заңды тұлғалар болып табылатын барлық кредиттік тарих субъектілері үшін толтыруға міндетті болып табылады.

13. 1-кестенің 5-жолында және 2-кестенің 4-жолында бір кредиттік тарих субъектісі бойынша бір түрдегі бір жаңартылған сәйкестендіргішті ғана көрсетуге рұқсат етіледі. Әрбір түрдегі сәйкестендіргіш кредиттік тарих субъектісі үшін бірегей болып табылады.

1-кестенің 5-жолында және 2-кестенің 4-жолында сәйкестендіргіш көрсеткіштерін толтыру кезінде барлық кредиттік тарих субъектілері үшін міндетті тәртіппен жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке тұлға, оның ішінде қызметін өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлға және бірлескен кәсіпкерлік түріндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін) көрсетіледі.

Жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке тұлға үшін) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (заңды тұлға үшін) жоқ Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын кредиттік тарих субъектілері бойынша баламалы сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын, қарыз (шартты міндеттеме) шарты 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған кредиттік тарих субъектілері бойынша міндетті тәртіппен салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Кредиттік тарих субъектісінің резиденттік белгісі өзгерген жағдайда, ол бойынша сәйкестендіргіштердің тарихи өзара байланысын сақтау мақсатында жеке сәйкестендіру нөмірімен немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірімен қатар баламалы сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

14. 1-кестенің 6-жолында және 2-кестенің 5-жолында кредиттік тарих субъектісінің тіркелген (заңды) және (немесе) орналасқан жерінің (нақты) мекенжайлары көрсетіледі.

Тіркелген мекенжайының "елі" көрсеткіші кредиттік тарих субъектісінің резиденттік белгісіне сәйкес айқындалады және "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің бірліктерін ұсынуға арналған кодтар" ISO 3166-1 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуіші бойынша толтырылады.

"Облысы" деген көрсеткіш Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын барлық кредиттік тарих субъектілері үшін толтыруға міндетті болып табылады. Көрсеткіштің мәні әкімшілік-аумақтық объектілерінің ұлттық жіктеуішіне (ЭАОЖ) сәйкес көрсетіледі.

Бір кредиттік тарих субъектісіне әрбір мекенжай түрі үшін елдің, облыстың бір жаңартылған мәні сәйкес келеді.

15. 1-кестенің 10-жолында және 2-кестенің 9-жолында көрсеткіштің мәні Қазақстан Республикасының экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭКЖЖ) сәйкес көрсетіледі.

16. 3-жолда "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген) бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес экономика секторлары тобының коды көрсетіледі, ол Экономика секторларының ұлттық жіктеуішімен (ЭСЖ) келісімді болады.

17. 1-кестенің 12-жолында және 2-кестенің 10-жолында мынадай мән көрсетіледі:

"1" - егер кредиттік тарих субъектісі кредитормен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға жатса;

"0" - егер осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген кредиттік тарих субъектісі болмаса.

18. 1-кестенің 13-жолында компаниялар тобына тиесілігін кредитор дербес айқындайды.

Кредитор компаниялар тобына тиесілі әрбір кредиттік тарих субъектісін анықтамалықтағы тиісті топқа байланыстырады.

Компаниялар топтарының анықтамалығын кредиторлар жүргізеді, кредиторлар анықтамалықтағы тиісті ақпаратты дербес жаңартады.

Көрсеткіш компаниялар тобына тиесілі барлық кредиттік тарих субъектілері үшін толтыруға міндетті болып табылады.

19. 1-кестенің 14-жолында және 2-кестенің 11-жолында кредиттік тарих субъектісі туралы мәліметтер ескерілген күн көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктері
филиалдарының, "Қазақстанның
Даму Банкі" акционерлік
қоғамының және банк
операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың қарыздар мен
шартты міндеттемелер
жөніндегі есептілікті ұсыну
қағидаларына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: CR_CC1

Кезеңділігі: қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы деректердің өзгеруіне немесе алынуына қарай

Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – кредитор)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын ұсыну мерзімі: қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Кредиттік тарих субъектісі - қарыз (шартты міндеттеме) шартының тарапы туралы мәліметтер:	
1.1	Кредиттік тарих субъектісінің түрі (рөлі)	
1.2	Кредиттік тарих субъектісін сәйкестендіргіш:	
1.2.1	сәйкестендіргіш түрі	
1.2.2	сәйкестендіру нөмірі	
1.3	Қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын дара кәсіпкер белгісі	
2	Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы мәліметтер:	
2.1	Қарыз (шартты міндеттеме) түрі	
2.2	Қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі	
2.3	Қарыз (шартты міндеттеме) шартының күні	
2.4	Кредиттік желіге тиесілігі:	
2.4.1	кредиттік желі шартының нөмірі	
2.4.2	кредиттік желі шартының күні	
2.5	Банк кепілдігін (кепілдемені) шығару нөмірі	

2.6	Банк кепілдігін (кепілдемені) шығару күні	
2.7	Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсететін филиал	
2.8	Шарттың талаптары бойынша қарыз (шартты міндеттеме) мерзімінің аяқталу күні	
2.9	Шарт бойынша валюта түрі	
2.10	Шарттың валютасымен қарыз (шартты міндеттеме) сомасы	
2.11	Шарт бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесі:	
2.11.1	мөлшерлеме түрі (белгіленген, өзгермелі)	
2.11.2	өзгермелі индекс атауы	
2.11.3	белгіленген мөлшерлеменің жылдық пайыздармен мөлшері (өзгермелі мөлшерлеменің белгіленген спреды)	
2.11.4	жылдық пайыздармен өзгермелі индекс	
2.12	Шарт бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі:	
2.12.1	халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша бастапқы мөлшерлеме мөлшері	
2.12.2	шынайы жылдық тиімді салыстырмалы түрде есептелген сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері	
2.13	Қарыз бойынша қамтамасыз етудің болмау белгісі	
2.14	Қарыздың (шартты міндеттеменің) нысаналы мақсаты:	
2.14.1	кредиттеу мақсаты	
2.14.2	кредиттеу объектісі	
2.14.3	қарыз (шартты міндеттеме) сомасының үлесі (пайыздармен)	
2.15	Қарызды қаржыландыру көзі:	
2.15.1	қаржыландыру көзінің түрі	
2.15.2	қарыз сомасының үлесі (пайыздармен)	
2.16	Қарыз алушыда валюталық түсімнің және (немесе) хеджирлеу құралдарының болу белгісі	

3	Қарыз бойынша талап ету құқығын беру (сату), қабылдау (сатып алу) туралы мәліметтер:	
3.1	беру (сату), қабылдау (сатып алу) белгісі	
3.2	талап ету құқықтары берілген (сатылған) (қабылданған (сатып алынған)) ұйымның түрі	
3.3	талап ету құқықтары берілген (сатылған) (қабылданған (сатып алынған)) ұйымның атауы	
3.4	талап ету құқықтары берілген (сатылған) (қабылданған (сатып алынған)) ұйымды сәйкестендіргіш:	
3.4.1	сәйкестендіргіш түрі	
3.4.2	сәйкестендіру нөмірі	
3.5	беру (сату), қабылдау (сатып алу) күні	
3.6	сату (сатып алу) сомасы (теңгемен)	
4	Қайта қаржыландырылған қарыз бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
4.1	алдыңғы кредитор туралы мәліметтер:	
4.1.1	сәйкестендіргіш түрі	
4.1.2	сәйкестендіру нөмірі	
4.2	алдыңғы қарыз алушы туралы мәліметтер:	
4.2.1	сәйкестендіргіш түрі	
4.2.2	сәйкестендіру нөмірі	
4.3	қайта қаржыландырылған қарыз шартының нөмірі	
4.4	қайта қаржыландырылған қарыз шартының күні	
5	Міндеттемені тоқтату:	
5.1	міндеттемені тоқтату негіздері	
5.2	шешім қабылдаған кредитордың уәкілетті органы	
5.3	міндеттеменің нақты тоқтатылған күні	
6	Есепке алу күні	

2-кесте. Қарызды өтеу кестесі

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3

1	Қарыз бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
1.1	шарттың нөмірі	
1.2	шарттың күні	
2	Кестені жасау күні	
3	Өтеу валютасының түрі:	
3.1	негізгі борыштың	
3.2	сыйақының	
4	Төлемдер:	
4.1	төлем күні	
4.2	төлем сомасы:	
4.2.1	негізгі борыш бойынша (шарт валютасында)	
4.2.2	сыйақы бойынша (шарт валютасында)	
4.3	негізгі борыш бойынша берешек қалдығы (шарт валютасында)	
5	Есепке алу күні	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қарыз (шартты міндеттеме)
шарты туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

"Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп"

(индексі – CR_CC1, кезеңділігі – қарыз (шартты міндеттеме)

шарты туралы деректердің өзгеруіне немесе алынуына қарай)

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру
бойыншатүсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қол қояды.

3. Егер көрсеткіштің атауы басқа валютада құнын көрсетуді көздемесе, Нысандағы құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сан форматында, теңгемен (теңгемен баламасында) көрсетіледі.

Коэффициенттер мен пайыздар үтірден кейін көп дегенде төрт таңбаны көрсете отырып, сан форматында көрсетіледі.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар Нысан ұсынылатын қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардың (бұдан әрі – анықтамалықтар) кодтарына сәйкес көрсетіледі. Нысандағы күндер "КК.АА.ЖЖЖЖ", мұнда "КК" - күні, "АА" - айы, "ЖЖЖЖ" - жылы форматында көрсетіледі.

5. Түсіндірмеде көрсетілген, көрсеткіш ұсынылмайтын немесе толтыру үшін міндетті болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, Нысан көрсеткіштері толтыру үшін міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалықтар пайдаланылады:

Кредиттік тарих субъектісінің түрлері (рөлдері);

Сәйкестендіргіш түрлері;

Қарыздың, шартты міндеттеменің түрлері;

Филиалдар;

Мөлшерлемелер түрлері;

Өзгермелі индекстер;

Кредиттеу мақсаты;

Кредиттеу объектілері;

Қаржыландыру көзі;

Беру (сату), қабылдау (сатып алу) белгілері;

Талап ету құқықтары берілген (сатылған) (қабылданған (сатып алынған)) ұйымдардың түрлері;

Міндеттемені тоқтату негіздері;

Кредитордың уәкілетті органдары.

7. Нысанда кредитордың кредиттік тарих субъектісімен кредиттік тарих субъектісі және кредитор арасында жасалған шартқа және Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес қарым-қатынастарға байланысты қалыптасқан барлық өзара қарым-қатынастар туралы мәліметтер беріледі.

Мәліметтер есепті кезеңде жасалған және (немесе) қолданыстағы немесе есепті кезеңде қолданылуы тоқтатылған барлық қарыз (шартты міндеттеме) шарттары бойынша, оның ішінде бухгалтерлік баланстан шығарылған және (немесе) сенімгерлік басқаруға берілген, есепті кезеңде өтелген, кешірілген немесе сатылған және барлық шартты міндеттемелер бойынша ұсынылады.

Нысан мақсатында төлем карточкаларына төлем карточкасын шығару шартында белгіленген тұрақты лимит шегінде төлем карточкасын ұстаушыларға берілетін және кредитордың мақұлдауын талап етпейтін қарыздар жатады. Әрбір қарыз алушы сұраған қарыз үшін кредитор белгілейтін ауыспалы лимит шеңберінде төлем карточкаларын ұстаушыларға берілетін қарыздар Нысанда кредиттік желі шеңберінде берілетін қарыздар ретінде сыныпталады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы үшін бухгалтерлік баланс деп активтер мен міндеттемелер туралы есеп түсініледі.

Қарыздың (шартты міндеттеменің) кредиттік тарих субъектісімен байланысы қарыздар және шартты міндеттемелер бойынша есептілікті жинауға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық жүйесінде субъектіні сәйкестендіргіш бойынша белгіленеді.

Белгілі бір көрсеткіш бойынша деректер өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат өзгеріс болған есепті күнгі жағдай бойынша жаңартылуы тиіс.

8. 1-кестенің 1.1, 1.2.1, 2.1, 2.7, 2.11.1, 2.11.2, 2.14.1, 2.14.2, 2.15.1, 3.1, 3.2, 3.4.1, 4.1.1, 4.2.1, 5.1 және 5.2-жолдарында мәндер анықтамалықтардан таңдалады.

9. 1-кестенің 1-жолының көрсеткіштерінде бір қарыз (шартты міндеттеме) шартына түрі 1-кестенің 1.1-жолында көрсетілетін әртүрлі рөлдері бар бірнеше кредиттік тарих субъектілерінің сәйкестігіне жол беріледі.

1-кестенің 1.2-жолында кредиттік тарихтың бір субъектісі бойынша бірнеше жаңартылған мәндерді бір мезгілде көрсетуге жол беріледі.

1-кестенің 1.3-жолында "1" мәні егер қарыз (шартты міндеттеме) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында жеке кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерге берілсе көрсетіледі. Кредиттік тарихтың бір субъектісіне және бір қарыз шартына 1-кестенің 1.3-жолындағы көрсеткіштің бірден аспайтын өзекті мәні сәйкес келеді.

10. 1-кестенің 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5, 2.6, 2.7, 2.8, 2.9, 2.10, 2.11, 2.12, 2.13 және 2.16-жолдарында бір шартқа біреуден аспайтын жаңартылған мән сәйкес келеді.

11. 1-кестенің 2.2 және 2.3-жолдарында кредитор кредиттік тарих субъектісі мен кредитор арасында жасалған шартты бірдей сәйкестендіретін көрсеткіштердің көрсетілуін қамтамасыз етеді.

"Шарттың нөмірі", "шарттың күні" көрсеткіштері қарыздар және шартты міндеттемелер бойынша есептілікті жинауға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық жүйесінде қарыз (шартты міндеттеме) шартының сәйкестендіргіштері қызметін атқарады және шарт туралы мәліметтерді ұсынған кредитор үшін бірегей және шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін болып табылады.

Егер кредитордың ішкі құжаттарында кредитордың автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінде қарызға (шартты міндеттемеге) сәйкестендіру нөмірін беру көзделсе, шарттың нөмірі ретінде кредитордың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен сәйкестендіру нөмірін беруге рұқсат етіледі. Кредитор өзі жасасқан қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі мен күніне ұқсас көрсеткіштердің көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Егер тұрақты кредиттік лимиті бар төлем карточкалары бойынша төлем карточкаларын шығару туралы жалпы шарт ресімделетін болса, "шарттың нөмірі" көрсеткіші бойынша төлем карточкасын шығару туралы жалпы шарттың нөмірі және "/" таңбасы арқылы төлем карточкасының нөмірі көрсетіледі.

Егер кредиттік желі шеңберінде қарыз өтініш негізінде берілетін болса, "шарттың нөмірі" көрсеткіші бойынша кредиттік желі ұсыну (ашу) туралы келісімнің нөмірі және "/" таңбасы арқылы қарыздың сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Кредиттік желі шеңберінде төлем карточкасын ұстаушыға берілетін қарыздар үшін "шарттың нөмірі" көрсеткіші бойынша төлем карточкасын шығару туралы шарттың нөмірі және "/" таңбасы арқылы қарызды сәйкестендіргіш көрсетіледі.

Автоматты тәсілмен жасалған кері репо операцияларының мәмілелері бойынша мәміле сәйкестендіргіші көрсетіледі.

Шарттың күні нақты беру күнінен, шарттың талаптары бойынша өтеу күнінен, міндеттемені нақты тоқтату күнінен кешіктіруге немесе есепті күннен кешіктіруге жол берілмейді.

12. 1-кестенің 2.4-жолы қарыз берілетін кредиттік желіні сәйкестендіруге арналған және кредиттік желі шеңберінде берілген барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

Кредитор көрсеткіш мәндерінің тиісті кредиттік желінің нөмірі мен күніне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

13. 1-кестенің 2.7-жолында қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсетілетін кредитордың өңірлік бөлімшесінің (филиалының) бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Егер қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету кредитордың бас ұйымының орналасқан жері бойынша немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент банкінің филиалы жүзеге асыратын болса, кредитордың бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдарының анықтамалығын кредитордың өз филиалдары туралы ұсынған мәліметтердің негізінде жүргізеді.

14. 1-кестенің 2.8-жолы қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартта көрсетілген қарыз (шартты міндеттеме) мерзімінің аяқталу күнін көрсетуге арналған.

Егер шартта оның қолданылуының аяқталу мерзімі болмаса, көрсеткіш берілмейді.

15. 1-кестенің 2.10-жолы қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартта белгіленген валютамен қарыз (шартты міндеттеме) сомасын көрсетуге арналған. Валюта түрі "Валюталар мен қорларды ұсынуға арналған кодтар" 07 ISO 4217 ҚР ҰЖ Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйес көрсетіледі.

Төлем карточкаларын, кредиттік желіні, овердрафтты ұстаушыларға берілген қарыздар үшін қарыз (шартты міндеттеме) сомасы ретінде таңдап алынған валютада шарт бойынша кредиттік лимит көрсетіледі.

Шарт валютасындағы қарыз (шартты міндеттеме) сомасы немесе шарт бойынша валюта түрі өзгерген жағдайда, тиісті ақпарат жаңартылуға жатады.

Шарт валютасындағы қарыз сомасы төлем карточкасын шығару шартында белгіленген тұрақты кредиттік лимиті бар төлем карточкаларын ұстаушыларға берілген қарыздарды қоспағанда, шарт валютасындағы негізгі борыш қалдығының сомасынан аз болуға рұқсат етілмейді.

16. 1-кестенің 2.11-жолындағы көрсеткіштерде өзгермелі мөлшерлеменің белгіленген спрэдына және өзгермелі индекске бөле отырып, мөлшерлемені көрсету 2019 жылғы 1 шілдеден кейін жасалған немесе өзгерістер енгізілетін, сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі белгіленген барлық қарыз шарттары үшін міндетті болып табылады.

Өзгермелі индекстер анықтамалығын кредиторлар жүргізеді, кредиторлар анықтамалықтағы тиісті ақпаратты дербес жаңартады.

17. 1-кестенің 2.13-жолында қарыз (шартты міндеттеме) бойынша қамтамасыз ету болмаған кезде "1" мәні көрсетіледі, бар болса "0" көрсетіледі немесе көрсеткіш берілмейді.

Көрсеткіш қамтамасыз етуі жоқ барлық қарыздар (шартты міндеттемелер) үшін толтыруға міндетті болып табылады.

18. 1-кестенің 2.14-жолы қарыздың нысаналы мақсатын көрсетуге және қарыз сомасын кредиттеу мақсаты бойынша бөлуге арналған. "Кредиттеу мақсаты", "кредиттеу объектісі" және "қарыз сомасынан үлесі" көрсеткіштері қосымша келісімдер ескеріле отырып, шартқа сәйкес көрсетіледі және жаңартылады.

Қарыздың нысаналы мақсаты "кредиттеу мақсаты" және "кредиттеу объектісі" көрсеткіштерінің мәндерін аралас қолдану арқылы айқындалады.

Қарыз сомасын мақсаттар бойынша бөлуді көрсететін бір қарыз бойынша үлестердің жиынтық сомасы 100 (бір жүз пайызға) тең болады.

1-кестенің 2.14-жолының көрсеткіштері кері репо операциялары мен кредиттік желілер болып табылмайтын шартты міндеттемелер үшін берілмейді.

19. 1-кестенің 2.15-жолы қарыз қаржыландырылатын немесе қарыз бойынша талап ету құқықтарын иеленген қаражат көздерін көрсетуге және қарыз сомасын қаржыландыру көздері бойынша бөлуге арналған.

Қарыз сомасын қаржыландыру көздері бойынша бөлуді көрсететін бір шарт бойынша үлестердің жиынтық сомасы 100 (бір жүз пайызға) тең болады.

Көрсеткіштер барлық қарыздар бойынша толтыруға міндетті болып табылады.

20. 1-кестенің 2.16-жолында кредиттік тарих субъектісінде валюталық түсім және (немесе) хеджирлеу құралдары болған жағдайда "1" мәні көрсетіледі, болмаған жағдайда "0" көрсетіледі.

Көрсеткіш шарт валютасы теңге болып табылатын қарыздар (шартты міндеттемелер) үшін және кері репо операциялары үшін берілмейді.

21. 1-кестенің 3-жолының көрсеткіштері талап ету құқықтары үшінші тұлғаға берілген (сатылған) немесе үшінші тұлғадан қабылданған (сатып алынған) қарыздарды сәйкестендіруге арналған.

Көрсеткіштер талап ету құқықтары берілген (сатылған) немесе қабылданған (сатып алынған) барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

22. 1-кестенің 4-жолының көрсеткіштері жаңа қарыз шарты шеңберінде берілген қаражат есебінен қайта қаржыландырылған қарыз шартын сәйкестендіруге арналған және қайта қаржыландырылған қарыз бойынша міндеттемелері орындалған алдыңғы қарыз алушының және алдыңғы кредитордың сәйкестендіргіштерін көрсетуді қамтиды.

Кредитор 1-кестенің 4-жолы бойынша берілген мәліметтердің қайта қаржыландыру операциялары жүзеге асырылғанға дейін берілген қайта қаржыландыру объектісі болып табылатын қарыз туралы сәйкестендіру мәліметтерімен сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Бір қарыз шартына 4-жол бойынша бірнеше жаңартылған мәндердің сәйкес келуіне рұқсат етіледі.

1-кестенің 4.1 және 4.2-жолдары басқа қарызды қайта қаржыландыру мақсаты үшін берілген барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады. 1-кестенің 4.3 және 4.4-жолдары кредитор ішкі қайта қаржыландыру мақсаты үшін берген қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

23. 1-кестенің 5-жолының көрсеткіштері шарт бойынша талап ету құқықтарын беруді (сатуды) қоспағанда, қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша тараптардың міндеттемелері толық тоқтатылуын көрсетуге арналған.

1-кестенің 5.3-жолында шарт бойынша міндеттеме тоқтатылған күн көрсетіледі. Міндеттемені нақты тоқтату күні шарт күнінен ерте және есепті күннен кеш көрсетуге рұқсат етілмейді.

Кредитордың борышты кешіруіне байланысты міндеттеме толығымен тоқтатылған барлық қарыздар үшін "кредитордың шешім қабылдаған уәкілетті органы" көрсеткіші міндетті болып табылады.

1-кестенің 5.1 және 5.3-жолдарындағы көрсеткіштер міндеттеме толығымен тоқтатылған барлық қарыздар (шартты міндеттемелер) бойынша толтыру үшін міндетті болып табылады және талап ету құқығы кері сатып алу талабымен берілген (сатылған) қарыздар үшін көрсетілмейді.

24. 1-кестенің 6-жолында және 2-кестенің 5-жолында қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы және қарызды өтеу кестесі туралы тиісті мәліметтер ескерілген жағдай бойынша күндер көрсетіледі.

25. 2-кестенің көрсеткіштері тиісті төлемдері бар қосымша келісімдерді ескере отырып, шартта белгіленген қарызды өтеу кестесі бойынша мәліметтерді беруге арналған және тиісті шарттарда өтеу кестесі белгіленген барлық қарыздарға толтыру үшін міндетті.

Өтеу мерзімділігі өзгеруіне немесе өтеу кестесі бойынша басқа да өзгерістерге әкеп соғатын шарттың талаптары өзгерген кезде жаңа талаптар ескеріле отырып, жаңа өтеу кестесі көрсетіледі.

Жасалған күні бірдей белгілі бір шарт бойынша бірнеше өтеу кестесін көрсетуге рұқсат етілмейді.

26. 2-кестенің 1-жолы өтеу кестесі берілетін қарыз шартын сәйкестендіруге арналған. "Шарттың нөмірі" және "шарттың күні" көрсеткіштері өтеу кестесінің ол бөлігі болып табылатын қарыз шартымен байланысын қамтамасыз етеді.

27. 2-кестенің 2-жолында шарт бойынша өтеу кестесін жасау күні көрсетіледі, өтеу кестесі өзгертілген кезде жаңа кестенің жасалған күні көрсетіледі.

28. 2-кестенің 4-жолында төлем күндері бойынша жасау күніне өтеу кестесі бойынша алдағы барлық төлемдер көрсетіледі. Бір өтеу кестесі бойынша бірнеше төлемдерді көрсетуге рұқсат етіледі.

2-кестенің 4.2.1 және 4.2.2-жолдарында кесте бойынша төлем сомасын құрайтын негізгі борыш пен сыйақы сомасы көрсетіледі.

2-кестенің 4.3-жолында негізгі борыш бойынша кезекті төлем сомасын шегергенде негізгі борыш бойынша берешек қалдықтары көрсетіледі.

Төлемдер сомасы, негізгі борыш бойынша берешек қалдықтары қосымша келісімдер ескеріле отырып, шарт валютасында көрсетіледі.

Екінші деңгейдегі банктердің,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктері
филиалдарының, "Қазақстанның
Даму Банкі" акционерлік
қоғамының және банк
операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын

ұйымдардың қарыздар мен
шартты міндеттемелер
жөніндегі есептілікті ұсыну
қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz
интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: қамтамасыз ету туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: CR P1

Кезеңділігі: қамтамасыз ету туралы деректердің өзгеруіне немесе алынуына қарай

Есепті кезең: 20__ жылғы "___" "_____" жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – кредитор)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: кредиттік тарих субъектісі туралы деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Қамтамасыз ету туралы есеп

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Кепіл шарты бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
1.1	кепіл шартының нөмірі	
1.2	кепіл шартының күні	
2	Кепіл шартын тоқтату:	
2.1	кепіл шартын нақты тоқтату күні	
2.2	кепіл шартын тоқтату негізі	
3	Кепіл беруші (кепілдік беруші, кепілгер, сақтандырушы) туралы мәліметтер:	
3.1	субъект түрі (заңды немесе жеке тұлға)	
3.2	атауы (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))	
3.3	кепіл берушінің (кепілдік берушінің, кепілгердің,	

	сақтандырушының) сәйкестендіру деректері:	
3.3.1	сәйкестендіргіш түрі	
3.3.2	сәйкестендіру нөмірі	
4	Қамтамасыз ету туралы мәліметтер	
4.1	Қамтамасыз ету түрі	
4.2	Шарт бойынша валюта түрі	
4.3	Кепіл құны (теңгемен)	
4.4	Нарықтық құны (шарт валютасымен)	
4.5	Қабылданған қамтамасыз етуді есепке алу шотының нөмірі	
4.6	Кепіл мүлкінің орналасқан жері (тіркелген жері)	
4.7	Кепіл мүлкі объектісінің сәйкестендіру нөмірі	
4.8	Қамтамасыз етуді соңғы бағалау (қайта бағалау) күні	
5	Есепке алу күні	

2-кесте. Қамтамасыз етілген қарыздар мен шартты міндеттемелерді сәйкестендіру

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
1.1	шарттың нөмірі	
1.2	шарттың күні	
2	Кепіл шарты бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
2.1	шарттың нөмірі	
2.2	шарттың күні	
3	Бөлінген үлес (пайызбен):	
3.1	қарызды (шартты міндеттемені) кепілмен өтеу	
3.2	қарызды (шартты міндеттемені) өтеуге тиесілі кепіл	
4	Есепке алу күні	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Қамтамасыз ету туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қамтамасыз ету туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
нысанына
қосымша

"Қамтамасыз ету туралы есеп" (индексі – CR_P1, кезеңділігі – қамтамасыз ету туралы деректердің өзгеруіне немесе алынуына қарай)

әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қамтамасыз ету туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинау нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қол қояды.

3. Егер көрсеткіштің атауы басқа валютада құнын көрсетуді көздемесе, Нысандағы құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сан форматында, теңгемен (теңгемен баламада) көрсетіледі.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Нысан ұсынылатын қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардың (бұдан әрі - анықтамалықтар) кодтарына сәйкес көрсетіледі. Нысандағы күндер "КК.АА.ЖЖЖЖ", мұнда "КК" - күні, "АА" - айы, "ЖЖЖЖ" - жылы форматында көрсетіледі.

5. Түсіндірмеде көрсетілген, көрсеткіш ұсынылмайтын немесе толтыру үшін міндетті болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, Нысан көрсеткіштері толтыру үшін міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалықтар пайдаланылады:

Кепілді тоқтату негіздері;

Сәйкестендіргіш түрлері;

Қамтамасыз ету түрлері;

Шот нөмірлері.

7. Нысанда кепіл, кепілдік және кепілгерлік туралы шарт, сақтандыру шарты негізінде қарыздар (шартты міндеттемелер) бойынша кредитор қабылдаған қамтамасыз ету немесе болашақта түсетін ақша түріндегі қамтамасыз етуді қосқанда, басқа да қамтамасыз ету туралы мәліметтер беріледі.

Егер қарыз (шартты міндеттеме) кепілмен, кепілдікпен немесе кепілгерлікпен және "Қамтамасыз ету түрлері" анықтамалығында көзделген қамтамасыз етудің өзге түрлерімен қамтамасыз етілмесе, онда Нысан бойынша мәліметтер берілмейді.

Егер қарыз бойынша кепіл туралы жеке шарт жасалмаған, бірақ қарыз шартында кредиттік тарих субъектісі (борышкер болып табылатын) міндеттемелерді орындамаған кезде кепіл мүлкін өндіріп алу құқығы көзделген болса, кепіл туралы шарт ретінде тиісті қарыз шарты көрсетіледі.

Қаржы лизингі бойынша қамтамасыз ету ретінде лизинг мәні көрсетіледі.

Кепіл туралы шарт тиісті кепіл мүлкі (кепілдік немесе кепілгерлік немесе басқа да мүлік) қамтамасыз ету болатын барлық қарыз (шартты міндеттеме) шарттарымен сәйкестендіргіштер арқылы байланысады. Әрбір кепіл туралы шарттың қарыз (шартты міндеттеме) шартымен байланысы жеке-жеке көрсетіледі.

Егер кепіл туралы шарт тоқтатылса, онда тиісті есепке алу күні ол қамтамасыз еткен қарыздар (шартты міндеттемелер) бойынша 2-кестеде бөлінген үлестің нөлденуі көрсетіледі.

Егер қарыз (шартты міндеттеме) шарты тоқтатылса, онда тиісті есепке алу күніне 2-кестеде көрсетілген қарыз (шартты міндеттеме) бойынша бөлінген үлестің нөлденуі көрсетіледі.

2-кестеде бір қарыз (шартты міндеттеме) шартына кепіл туралы бірнеше шарттың сәйкес келуіне рұқсат етіледі, бір кепіл туралы шартқа бірнеше қарыз (шартты міндеттеме) шартының сәйкес келуіне рұқсат етіледі.

Белгілі бір көрсеткіш бойынша деректер өзгерген кезде, тиісті ақпарат өзгеріс болған есепті күнгі жағдай бойынша жаңартылуы тиіс.

8. 1-кестенің 2.2, 3.3.1, 4.1, 4.5 және 4.6-жолдарында мәндер анықтамалықтардан таңдап алынады.

9. 1-кестенің 1.1 және 1.2-жолдарында кепіл, кепілдік және кепілгерлік туралы шарттың немесе басқа да қамтамасыз ету шартының нөмірі және күні көрсетіледі, оның негізінде кредитордың (кепіл ұстаушының) кредиттік тарих субъектісі (борышкер болып табылатын) қарыз (шартты міндеттеме) бойынша кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған кезде кепіл мүлкінің құнынан қанағаттандыру алуға, шартқа сәйкес кепілдік берушіге немесе кепілгерге немесе басқа да тұлғаға орындалмаған міндеттеме бойынша талап қоюға құқығы болады.

"Шарттың нөмірі", "шарттың күні" көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыздар мен шартты міндеттемелер бойынша есептілікті жинауға арналған ақпараттық жүйесіндегі кепіл немесе басқа да қамтамасыз ету шартының

сәйкестендіргіштері болады және шарт туралы мәліметті ұсынған кредитор үшін бірегей болады және шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейді. Кредитор өзі жасасқан кепіл немесе басқа да қамтамасыз ету шартының нөмірімен және күнімен бірдей көрсеткіштердің көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Егер бір кепіл туралы шарт шеңберінде қамтамасыз етудің бірнеше түрі көзделген болса, осы қамтамасыз ету түрлерінің әрқайсысы осы шарттың нөмірімен және күнімен көрсетіледі.

Бірегейлікті қамтамасыз ету мақсатында егер кредитордың ішкі құжаттарында кепіл туралы шартқа автоматтандырылған жүйелерде басқа сәйкестендіру нөмірін беру көзделген болса, онда кепіл туралы шарттың нөмірі ретінде шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзгермейтін осы сәйкестендіру нөмірін беруге рұқсат етіледі.

10. 1-кестенің 2-жолында кепіл туралы шарттың қолданылу мерзімінің нақты аяқталу күні және кепілді тоқтату негізі көрсетіледі.

Кепіл туралы шартты нақты тоқтату күні кепіл туралы шарт күнінен ерте және есепті күннен кешіктіруге жол берілмейді.

11. 1-кестенің 4.1-жолы шартта көзделген қамтамасыз етуді "Қамтамасыз ету түрі" анықтамалығына сәйкес түрлері бойынша сыныптауға арналған.

12. 1-кестенің 4.2-жолы шарт бойынша валюта түрін көрсетуге арналған және ол "Валюталар мен қорларды ұсынуға арналған кодтар" ҚР ҰЖ 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

13. 1-кестенің 4.3-жолы кредитордың кепіл саясатына сәйкес есептелген қамтамасыз ету құнын көрсетуге арналған.

1-кестенің 4.4-жолы (қайта бағалаудың) есепті күнгі соңғы бағалауға (қайта бағалауға) қарай өзге түзетулердің дисконттарын қолданғанға дейін қамтамасыз етудің нарықтық құнын көрсетуге арналған.

1-кестенің 4.5-жолы қамтамасыз ету құны ескерілетін шоттың нөмірін көрсетуге арналған.

Кепіл және нарықтық құны кепіл туралы шарт шеңберінде әрбір қамтамасыз ету бойынша жеке көрсетіледі.

14. 1-кестенің 4.6-жолы кепіл туралы шартқа сәйкес қамтамасыз етуге қабылданған жылжымалы мүліктің тіркелген жерін және жылжымайтын мүліктің орналасқан жерін көрсетуге арналған және жылжымалы және жылжымайтын мүлік болып табылатын қамтамасыз етудің барлық түрлері үшін толтыруға міндетті болып табылады.

15. 1-кестенің 4.7-жолында жылжымайтын мүлік объектісі үшін кадастрлық нөмір, көлік құралдары үшін - көлік құралының бірегей коды (бар болса), жеке негізде бағаланатын кепіл мүлкінің басқа объектілері үшін - объектіні нақты сәйкестендіретін бірегей нөмір көрсетіледі, қамтамасыз етудің өзге түрлері үшін көрсеткіш берілмейді.

16. 1-кестенің 5-жолы және 2-кестенің 4-жолы қамтамасыз ету туралы мәліметтер ескерілген күнді көрсетуге арналған.

17. 2-кестенің 1-жолында тиісті кепіл туралы шарт қамтамасыз ету болатын қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі мен күні көрсетіледі.

2-кестенің 2-жолында тиісті қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша қамтамасыз ету болатын кепіл туралы шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

Кредитор Нысандағы қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі мен күнінің Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есепте көрсетілген шарттың нөмірі мен күніне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

18. 2-кестенің 3.1-жолы тиісті қарызды (шартты міндеттемені) қамтамасыз етуге келетін тиісті кепілдің бір бөлігі құнының осы қарыз бойынша берешекке (шартты міндеттеменің қалдығына) қатынасы ретінде айқындалған қарызды (шартты міндеттемені) кепілмен өтеу үлесін көрсетуге арналған.

2-кестенің 3.2-жолы тиісті қарызды (шартты міндеттемені) қамтамасыз етуге келетін тиісті кепіл құнының бір бөлігінің осы кепілдің жиынтық құнына қатынасы ретінде айқындалған қарызды (шартты міндеттемені) өтеуге келетін кепіл үлесін көрсетуге арналған.

Кепіл құны ретінде Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес Провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы есепте көрсетілетін резервтерді (провизияларды) есептеу кезінде қосылатын қамтамасыз ету құны пайдаланылады.

Қарыз бойынша берешек ретінде оған қарсы қалыптастырылған резервтер (провизиялар) шегерілгенге дейін қарыздың баланстық құны пайдаланылады, шартты міндеттемелер бойынша баланстан тыс шоттарда есепке алынатын шартты міндеттеменің қалдығы пайдаланылады.

Қарызды (шартты міндеттемені) кепілмен өтеудің бөлінген үлесін және қарызды (шартты міндеттемені) өтеуге келетін кепілдің бөлінген үлесін есептеу резервтерді (провизияларды) есептеу кезінде жүргізіледі.

2-кестенің 3.1 және 3.2-жолдарындағы көрсеткіштер кредиторда тиісті ақпарат болған кезде толтыру үшін міндетті болып табылады.

Екінші деңгейдегі банктердің,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктері
филиалдарының, "Қазақстанның
Даму Банкі" акционерлік
қоғамының және банк
операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың қарыздар мен
шартты міндеттемелер
жөніндегі есептілікті ұсыну
қағидаларына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: CR_CS1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – кредитор)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
1.1	шарт нөмірі	
1.2	шарт күні	
2	Ағымдағы талаптар мен есепті кезеңдегі қаражат қозғалысы туралы ақпарат:	
2.1	Есепті кезеңде есептелді (теңгемен, шарт валютасымен):	
2.1.1	сыйақы	
2.1.2	айыппұлдар мен өсімпұлдар	
2.2	Есепті кезеңде берілді (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.3	Есепті кезеңде нақты берілген күні	
2.4	Есепті кезеңде өтелді (теңгемен)	
2.5	Негізгі борыш қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен):	
2.5.1	мерзімі өтпеген берешек	
2.5.2	мерзімі өткен берешек	
2.5.3	баланстан есептен шығарылған берешек	
2.5.4	кешірілген берешек	

2.6	Негізгі борыш бойынша шот нөмірі:	
2.6.1	мерзімі өтпеген берешек	
2.6.2	мерзімі өткен берешек	
2.7	Есептелген сыйақы қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен):	
2.7.1	өтелмеген	
2.7.2	мерзімі өткен	
2.7.3	баланстан есептен шығарылған	
2.7.4	кешірілген	
2.8	Сыйақы бойынша шот нөмірі:	
2.8.1	мерзімі өтпеген берешек	
2.8.2	мерзімі өткен берешек	
2.9	Шартты міндеттемелер қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.10	Шартты міндеттемелер шотының нөмірі	
2.11	Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) қалдығы (теңгемен):	
2.11.1	өтелмеген	
2.11.2	баланстан есептен шығарылған	
2.11.3	кешірілген	
2.12	Оң (теріс) түзету (теңгемен, шарт валютасымен)	
2.13	Оң (теріс) түзету бойынша шоттың нөмірі	
2.14	Дисконт (сыйлықақы) (теңгемен, шарт валютасымен))	
2.15	Дисконт (сыйлықақы) бойынша шот нөмірі	
2.16	Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні:	
2.16.1	негізгі борыш бойынша	
2.16.2	сыйақы бойынша	
2.17	Мерзімі өткен берешекті өтеу күні:	
2.17.1	негізгі борыш бойынша	
2.17.2	сыйақы бойынша	
2.18	Баланстан есептен шығару күні:	
2.18.1	негізгі борыш бойынша	
2.18.2	сыйақы бойынша	
2.19	Берешек кешірілген күн:	
2.19.1	негізгі борыш бойынша	

2.19.2	сыйақы бойынша	
3	Есепті кезеңде қайта құрылымдау:	
3.1	қайта құрылымдау белгісі	
3.2	қайта құрылымдауды жүргізу күні	
4	Есепке алу күні	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан "Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қарызға (шартты міндеттемеге)
қызмет көрсету туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
нысанына
қосымша

"Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп"

(индексі – CR_CS1, кезеңділігі – ай сайын)

**әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын
толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қол қояды.

3. Егер көрсеткіштің атауында құнын басқа валютада көрсетуді көздемесе, Нысандағы құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сан форматында, теңгемен (теңгемен баламада) көрсетіледі.

Коэффициенттер мен пайыздар үтірден кейін көп дегенде төрт таңбаны көрсете отырып, сан форматында көрсетіледі.

Шетел валютасындағы қарыздар (шартты міндеттемелер) бойынша беру, есептеу сомасы, есепті күндегі берешек қалдығы шетел валютасымен және теңгемен баламада көрсетіледі.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар Нысан ұсынылатын қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардың (бұдан әрі – анықтамалықтар) кодтарына сәйкес көрсетіледі. Нысандағы күндер "КК.АА.ЖЖЖЖ", мұнда "КК" – күні, "АА" – айы, "ЖЖЖЖ" – жылы форматында көрсетіледі. Күнді уақытсыз көрсету көзделген жағдайларда уақыт көрсетілген күннің 0 сағаты 00 минуты 00 секунды ретінде қабылданады.

5. Көрсеткіш ұсынылмайтын немесе толтыру үшін міндетті болып табылмайтын Түсіндірмеде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Нысанның көрсеткіштері толтыру үшін міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанды толтыру кезінде "Шоттар нөмірлері" анықтамалығы пайдаланылады.

7. Нысанда есепті кезеңдегі қаражат қозғалысы туралы, қарыз шарттары бойынша міндеттемелер мен шартты міндеттемелердің өзгерістері және ағымдағы жай-күйі туралы мәліметтер беріледі.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы үшін бухгалтерлік баланс деп активтер мен міндеттемелер туралы есеп түсініледі.

Нысанның көрсеткіштері бойынша мәліметтер тиісті қарыз (шартты міндеттеме) шарттарына байланысты болады және есепті күні жаңартылуы тиіс.

Кредитор қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі мен күнінің № 313 қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есепте көрсетілген шарттың нөмірі мен күніне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

8. 2.6, 2.8, 2.10, 2.13 және 2.15-жолдарда мәндер "Шоттар нөмірлері" анықтамалығынан таңдалады.

9. 2.2 және 2.3-жолдар есепті кезеңде берілген қарыздың немесе шартты міндеттеме бойынша пайдаланылған лимиттің сомасын және оны беру (пайдалану) күнін көрсетуге арналған.

Егер есепті кезеңде қарыз бөліп-бөліп берілген болса, қарыз бөліктері сомасының және қарыздың тиісті бөлігін нақты беру күнінің массиві көрсетіледі.

Нақты беру күні есепті кезеңнің басталу күнінен ертерек және міндеттеме тоқтатылуының нақты күнінен немесе есепті кезеңнің аяқталу күнінен кеш болуына жол берілмейді.

Қарыз беру кредитордың бөлімшесіне бармай жүзеге асырылатын, берілген кредиттік лимиті бар төлем карточкалары және овердрафт бойынша 2.2-жолда берілген қарыз сомасы бөліктерге бөлінбей бір сомамен көрсетіледі, 2.3-жол толтырылмайды.

10. 2.4-жолда қарыз алушының осы қарыз бойынша негізгі борыш, сыйақы, айыппұлдар мен өсімпұлдар, қарыз бойынша комиссиялар кіретін барлық міндеттемелерін өтеу есебіне қарыз алушы есепті кезең ішінде нақты енгізген ақшалай қаражатының сомасы көрсетіледі.

Берілген кредиттік лимиті бар төлем карточкалары және овердрафт бойынша есепті кезеңдегі түсімдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

11. 2.5 және 2.6-жолдар қарыз бойынша мерзімі өтпеген, мерзімі өткен негізгі борыш қалдықтарының сомасын және сома есепке алынатын шот нөмірін, есепті күнгі жағдай бойынша қарыз бойынша негізгі борыштың есептен шығарылған немесе кешірілген қалдықтарының сомасын көрсетуге арналған.

Кешірілген берешек шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін негізгі борыш бойынша кредитордың қарыз бойынша берешекті кешіруінің жинақталған сомасын білдіреді.

Берілген кредиттік лимиті бар төлем карточкалары үшін лимиттің игерілген бөлігі осы көрсеткіш бойынша көрсетіледі, төлем карточкасы бойынша қаражаттың артық жұмсалуды көрсету үшін қосымша жол көзделген.

"Негізгі борыш қалдығы (теңгемен, шарт валютасымен)" көрсеткіші бойынша теріс мәнді көрсетуге жол берілмейді.

Көрсеткіштер барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

12. 2.7 және 2.8-жолдар қарыз бойынша есептелген сыйақының өтелмеген, мерзімі өткен қалдықтарының сомасын, есепті күнгі жағдай бойынша қарыз бойынша есептелген сыйақының есептен шығарылған немесе кешірілген қалдықтарының сомасын және сома есепке алынатын шот нөмірін көрсетуге арналған.

Кешірілген берешек шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін есептелген сыйақы бойынша кредитордың қарыз бойынша берешекті кешіруінің жинақталған сомасын білдіреді.

Есептелген сыйақының қалдығы бойынша теріс мәнді көрсетуге жол берілмейді.

Көрсеткіштер барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

13. 2.9 және 2.10-жолдар есепті күнгі жағдай бойынша шартты міндеттеме сомасын және сома есепке алынатын шот нөмірін көрсетуге арналған.

Екі шотта қалдық болған жағдайда, екінші қалдық тиісті шот нөмірімен қосымша жолдарда көрсетіледі.

Шартты міндеттеме қалдығы бойынша теріс мәнді көрсетуге жол берілмейді.

Көрсеткіштер барлық шартты міндеттемелер үшін толтыруға міндетті болып табылады.

14. 2.11-жол өтелмеген қалдық сомасын, есепті күнгі жағдай бойынша қарыз бойынша есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) есептен шығарылған немесе кешірілген қалдықтарының сомасын көрсетуге арналған.

Кешірілген берешек шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін есептелген тұрақсыздық айыбы бойынша кредитордың қарыз бойынша берешекті кешіруінің жинақталған сомасын білдіреді.

"Есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) қалдығы" көрсеткіші бойынша теріс мәнді көрсетуге жол берілмейді.

Көрсеткіштер барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

15. 2.12, 2.13, 2.14 және 2.15-жолдар оң (теріс) түзету, есепті күнгі жағдай бойынша қарыз (шартты міндеттеме) бойынша дисконт (сыйлықақы) сомасын және сома есепке алынатын шот нөмірін көрсетуге арналған.

Екі әр түрлі шот нөмірлерінде бір қарыз (шартты міндеттеме) бойынша дисконт (сыйлықақы) сомасы болған жағдайда, екінші қалдық шотының тиісті нөмірімен қосымша жолдарда көрсетіледі.

16. 2.16-жолда негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күндері "Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні: негізгі қарыз бойынша" және "Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні: сыйақы бойынша" деген жолдарда бөлек көрсетіледі.

Мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні ретінде шартта белгіленген негізгі қарыз және (немесе) сыйақы бойынша кезекті өтелмеген төлемді өтеу мерзімі бұзылған күн көрсетіледі.

Негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша баланста есепте тұрған немесе баланстан есептен шығарылған мерзімі өткен берешек қалдығы болмаған жағдайда, негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті шотқа шығару күні көрсетілмейді.

Көрсеткіш есепті күнге негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша баланста есепте тұрған немесе баланстан есептен шығарылған мерзімі өткен берешектің қалдығы бар барлық қарыздар үшін толтыру міндетті болып табылады.

17. 2.17-жолда негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша есепті кезең ішінде жүргізілген мерзімі өткен берешекті толығымен немесе ішінара өтеу күні көрсетіледі.

18. 2.19-жолда есепті кезең ішінде жүргізілген негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша берешекті толығымен немесе ішінара кешіру күні көрсетіледі.

19. 3-жол жүргізілген күнін көрсете отырып, есепті кезеңде қайта құрылымдау жүргізілген қарыздарды сәйкестендіруге арналған.

Қайта құрылымдау "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 269 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16502 болып тіркелген) сәйкес анықталады. Осы абзац "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына қолданылмайды.

Егер қарыз жаңа қарыз шартын жасау жолымен қайта құрылымдалған болса, қайта құрылымдау туралы мәліметтер жаңа шартта көрсетіледі.

Егер есепті кезеңде қайта құрылымдау жүргізілген болса, онда 3.1-жолда "1" мәні көрсетіледі, жүргізілмеген жағдайда "0" көрсетіледі немесе көрсеткіш берілмейді.

Көрсеткіш есепті кезеңде қайта құрылымдау жүргізілген барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

20. 4-жол қарызға (шартты міндеттемеге) қызмет көрсету туралы мәліметтер ескерілген күнді көрсетуге арналған.

Екінші деңгейдегі банктердің,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктері
филиалдарының, "Қазақстанның
Даму Банкі" акционерлік
қоғамының және банк
операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың қарыздар мен
шартты міндеттемелер
жөніндегі есептілікті ұсыну
қағидаларына
5-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:
CR_PRA1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – кредитор)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

БСН: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Қарыздар мен шартты міндеттемелер бойынша провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы есеп

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні

1	2	3
1	Қарыз (шартты міндеттеме) шарты бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
1.1	шарттың нөмірі	
1.2	шарттың күні	
2	Провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы мәліметтер:	
2.1	Резервтердің (провизиялардың) нақты қалыптастырылған сомасы (теңгемен):	
2.1.1	халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша	
2.2	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар) бойынша шоттың нөмірі	
2.3	Резервтеу мөлшерлемесі (пайызбен)	
2.4	Портфельдік активтерге жатқызу туралы мәліметтер:	
2.4.1	Біртекті активтер портфелінің атауы	
2.4.2	Құнсыздану белгілері жоқ жеке активтер портфелінің атауы	
2.5	Қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған болашақ ақша ағынының келтірілген құны	
2.6	Құнсыздану белгілері	
2.7	Кредиттік тәуекелдің ұлғаю белгілері	
2.8	Кредиттік тәуекел кезеңі	
2.9	Дефолттың басталу ықтималдығы (пайызбен):	
2.9.1	қарыздың (шартты міндеттеменің) бастапқы танылу күніне он екі ай ішінде	
2.9.2	қарыздың (шартты міндеттеменің) бастапқы танылу күніне күтілетін қолданылу мерзімі ішінде	
2.9.3	он екі ай ішінде	
2.9.4	қарыздың күтілетін қолданылу мерзімі ішінде	

2.10	Дефолт жағдайында шығын деңгейі (пайызбен)	
2.11	Дефолт тәуекеліне ұшыраған қарыз бойынша талаптар (теңгемен)	
2.12	Есепті күнге қарыз алушының ішкі рейтингі	
2.13	Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған қарыздың (шартты міндеттеменің) санаты	
2.14	Шартты міндеттеме бойынша конверсия коэффициенті (пайызбен)	
2.15	Борыш жүктемесінің коэффициенті (пайызбен)	
2.16	Борыш жүктемесінің коэффициентін есептеу күні	
2.17	Қарыз алушының кірісіне борыштың коэффициенті (пайызбен)	
2.18	Қарыз алушының кірісіне борыштың коэффициентін есептеу күні	
2.19	Тұрақты даму жобасының белгісі	
3	Есепке алу күні	

2-кесте. Қамтамасыз ету бойынша тәуекелдерді бағалау туралы есеп

№	Көрсеткіштердің атауы	Мәні
1	2	3
1	Кепіл туралы шарт бойынша сәйкестендіру мәліметтері:	
1.1	кепіл туралы шарттың нөмірі	
1.2	кепіл туралы шарттың күні	
1.3	қамтамасыз ету түрі	
1.4	кепіл мүлкі объектінің сәйкестендіру нөмірі	
2	Тәуекелдерді бағалау туралы мәліметтер:	
2.1	Провизияларды есептеу максаттары үшін өтімділік коэффициенті	
2.2	Кепіл мүлкін сату мерзімі (айлармен)	
2.3	Резервтерді (провизияларды) есептеу кезінде қосылатын қамтамасыз ету құны (теңгемен)	
2.4	Тәуелсіз бағалау компаниясының бағалау туралы мәліметтері:	

2.4.1	Тәуелсіз бағалау компаниясының бағалауы бойынша нарықтық құны (теңгемен)	
2.4.2	Тәуелсіз бағалау компаниясы жүргізген бағалау (қайта бағалау) күні	
2.4.3	Тәуелсіз бағалау компаниясы туралы сәйкестендіру мәліметтері:	
2.4.3.1	сәйкестендіргіш түрі	
2.4.3.2	сәйкестендіру нөмірі	
2.4.3.3	атауы (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))	
2.5	Ішкі бағалау туралы мәліметтер:	
2.5.1	Кредитордың ішкі бағалауы бойынша нарықтық құны (теңгемен)	
2.5.2	Кредитор жүргізген бағалау (қайта бағалау) күні	
3	Есепке алу күні	

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: нысан "Провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Провизиялар және тәуекелдерді
бағалау туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанға
қосымша

"Провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы есеп"
(индексі – CR_PRA1, кезеңділігі – ай сайын)
әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған
нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қол қояды.

3. Егер көрсеткіштің атауы басқа валютада құнын көрсетуді көздемесе, Нысандағы құндық көрсеткіштер үтірден кейін екі таңбалы сан форматында, теңгемен (теңгемен баламада) көрсетіледі.

Коэффициенттер мен пайыздар үтірден кейін төрт таңбадан аспайтын сан форматында көрсетіледі.

4. Нысанды толтыру кезінде кодтар Нысан ұсынылатын қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілікті жинауға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық жүйесінде орналастырылған анықтамалықтардың (бұдан әрі – анықтамалықтар) кодтарына сәйкес көрсетіледі. Нысандағы күндер "КК.АА.ЖЖЖЖ", мұнда "КК" – күні, "АА" – айы, "ЖЖЖЖ" – жылы форматында көрсетіледі.

5. Түсіндірмеде көрсетілген, көрсеткіш ұсынылмайтын немесе толтыру үшін міндетті болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, Нысан көрсеткіштері толтыру үшін міндетті болып табылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанды толтыру кезінде мынадай анықтамалықтар пайдаланылады:

Шот нөмірлері;

Портфельдер;

Құнсыздану белгілері;

Кредиттік тәуекелдің ұлғаю белгілері;

Кредиттік тәуекелдер кезеңдері;

Қарыз алушының ішкі рейтингтері;

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған қарыздың (шартты міндеттеменің) санаттары;

Орнықты даму жобасының белгісі;

Қамтамасыз ету түрлері;

Бағалаушылар;

Сәйкестендіргіштер түрлері.

7. Нысанда кредитор жеке, біртекті немесе құнсыздану белгілері жоқ жеке активтер ретінде сыныптаған қарыздар (шартты міндеттемелер) шарттары бойынша бөле отырып, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар) туралы, қарыздар мен шартты міндеттемелер бойынша тәуекелдерді бағалау үшін, қамтамасыз ету бойынша тәуекелдерді бағалау үшін қажетті өлшемдер мен сипаттамалар туралы мәліметтер беріледі.

1 және 2-кестелердің көрсеткіштері бойынша мәліметтер тиісті қарыз (шартты міндеттеме) шарттарына және кепіл туралы шарттарға байланысты болады және есепті күні жаңартуға жатады.

Кредитор 1-кестедегі қарыз (шартты міндеттеме) шартының нөмірі мен күні Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Қарыз (шартты міндеттеме) шарты туралы есепте көрсетілген шарттың нөмірі мен күніне сәйкес келуін, 2-кестедегі кепіл туралы шарттың нөмірі мен күнінің, қамтамасыз ету түрінің және кепіл мүлкі объектісінің сәйкестендіру нөмірінің Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Қамтамасыз ету туралы есепте көрсетілген кепіл туралы шарттың нөмірі мен күніне, қамтамасыз ету түрі мен кепіл мүлкі объектісінің сәйкестендіру нөміріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

8. 1-кестенің 2.2, 2.4, 2.6, 2.7, 2.8, 2.12, 2.13 және 2.17-жолдарындағы және 2-кестенің 1.3, 2.4.3 және 2.4.3.1-жолдарындағы мәндер анықтамалықтардан таңдалады.

9. 1-кестенің 2.1 және 2.2-жолдары есепті күнгі жағдай бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары бойынша қалыптастырылған қарыз (шартты міндеттеме) бойынша резервтер (провизиялар) сомасын және сомасы ескерілетін шот нөмірін көрсетуге арналған.

Төлем карточкасын шығару шартында белгіленген тұрақты кредиттік лимиті бар төлем карточкалары бойынша кредиттік лимиттің игерілген және игерілмеген бөліктері бойынша резервтердің (провизиялардың) сомаларын көрсету үшін жеке жолдар көзделген.

10. 1-кестенің 2.3-жолында резервтеу мөлшерлемесінің мәні оң болып табылады және 100 (жүз) пайыздан аспайды.

11. 1-кестенің 2.4-жолы портфельдік активтерге жатқызылған қарыздар (шартты міндеттемелер) шарттары үшін толтырылады. 1-кестенің 2.4.1-жолы шартты біртекті активтер портфеліне жатқызған кезде, 1-кестенің 2.4.2-жолы шартты құнсыздану белгілері жоқ жеке активтерге жатқызған кезде толтырылады.

Портфельдер анықтамалығын кредиторлар жүргізеді, анықтамалықтағы тиісті ақпаратты кредиторлар дербес жаңартады.

12. 1-кестенің 2.5-жолы барлық сценарийлерді ескере отырып, қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған болашақ ақша ағынының келтірілген құнын көрсетуге арналған.

Көрсеткіш құнсыздану белгілері анықталған жеке ретінде сыныпталған барлық қарыздар үшін толтыруға міндетті болып табылады.

13. 1-кестенің 2.6, 2.7, 2.8, 2.9, 2.10, 2.11 және 2.12-жолдарында және 2-кестенің 2.1, 2.2 және 2.3-жолдарында мәндер "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 269 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 16502 болып тіркелген) сәйкес айқындалады. Осы абзацтың күші "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына қолданылмайды.

1-кестенің 2.6 және 2.7-жолдарында бірнеше мән көрсетуге рұқсат етіледі.

1-кестенің 2.9 және 2.10-жоларында мәндер оң болып табылады және 100 (жүз) пайыздан аспайды.

Құнсыздану белгілері, кредиттік тәуекелдің ұлғаю белгілері, қарыз алушының ішкі рейтингтері анықтамалықтарын кредиторлар жүргізеді, анықтамалықтардағы тиісті ақпаратты кредиторлар дербес жаңартады.

14. 1-кестенің 2.13-жолында мән "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген) сәйкес айқындалады. Осы абзац "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына қолданылмайды.

15. 1-кестенің 2.14, 2.15 және 2.17-жолдарында мәндер "Макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 52 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36722 болып тіркелген) сәйкес айқындалады. Осы абзац "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына қолданылмайды.

16. 1-кестенің 3-жолы және 2-кестенің 3-жолы провизиялар және тәуекелдерді бағалау туралы мәліметтер ескерілген жағдай бойынша күндерді көрсетуге арналған.

17. 1-кестенің 2.19-жолы орнықты даму жобаларына жатқызылған қарыздарды сәйкестендіруді қамтамасыз етуге арналған.

Егер қарыз орнықты дамудың бірнеше жобаларына бір мезгілде сәйкес келсе, көрсеткіш бойынша барлық тиісті мәндер көрсетіледі, бірде-бір жобаға сәйкес келмеген жағдайда көрсеткіш берілмейді.

18. 2-кестенің 2.3-жолы дисконттар мен басқа түзетулерді қолданғанға дейін резервтер (провизиялар) есебіне енгізілетін қамтамасыз ету құнын көрсетуге арналған.

2-кестенің 2.4.1 және 2.5.1-жолдары бағалауды (қайта бағалауды) есепке алу күніне соңғысын негізге ала отырып, дисконттарды және өзге де түзетулерді қолданғанға дейін қамтамасыз етудің нарықтық құнын көрсетуге арналған.

Бағалаушылар анықтамалығын кредиторлар жүргізеді, анықтамалықтағы тиісті ақпаратты кредиторлар дербес жаңартады.

1-кестенің 2.6, 2.7, 2.9, 2.10, 2.11, 2.12, 2.13 және 2.14-жолдарындағы және 2-кестенің 2.1 және 2.2-жолдарындағы көрсеткіштердің мәндері кредиторда тиісті ақпарат болған кезде толтыру үшін міндетті болып табылады.

Күші жойылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18220 болып тіркелген).

2. "Екінші деңгейдегі банктердің, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 236 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19781 болып тіркелген).

3. "Екінші деңгейдегі банктердің, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын және табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2021 жылғы 20 қыркүйектегі № 77 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24507 болып тіркелген).

4. "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына

өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы № 91 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30340 болып тіркелген).

5. "Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қарыздар мен шартты міндеттемелер жөніндегі есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 313 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 100 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33863 болып тіркелген).